№6 / желтоқсан / 2017

САРАСӨЗ

Әдеби-танымдық журнал

TÜRKSOY

2017 Turkistan









САРАСӨЗ


Кәсібің - нәсібің / Алаш қозғалысы / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ

TÜRKSOY
ULUSLARARASI TÜRK KÜLTÜRÜ TEŞKİLATI











САРАСӨЗ

Ақылдастар алқасы:
Серік АҚСҰҢҚАР
Көпен ӘМІРБЕК
Қажыбек БЕКБОСЫН
Нұрперзент ДОМБАЙ
Құлбек ЕРГӨБЕК
Дулат ИСАБЕКОВ
Ержан ИСАТАЕВ
Қуаныш ЖИЕНБАЙ
Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ
Айбек ҚАЛИЕВ
Сүлеймен МӘМЕТ
Әліпбек ӨСЕРБАЕВ
Ұласбек СӘДІБЕКҰЛЫ
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
Асқар ТҰРҒАНБАЕВ
Бекарыс ШОЙБЕКОВ

Бас директор-редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Жазира Исаева**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралымы: 2000 дана

Журнал айына бір рет шығады.



Мағжан ЖҰМАБАЕВ

ТҮРКІСТАН

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой .
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

Тұранның егі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тын.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сары құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі-шетсіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт - Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың
Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі - Памир, Алтай.
Қазығұрт қасиеті тау болмаса,
Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындай бастан кешкен күші де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің, тарихты ашсаң Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткенбе?
Кең ақыл, отты қайрат,жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткенбе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле
Атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі —
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан найзағайдай.

Тұранды мақтамаймын тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан - қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан — Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімнің сықыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам тудыма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны — Абылай ері...

Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан алты алашқа болған Кебе.
Тұранның топырағын құшып жатыр
Кешегі ердің ері көкжал Кене.

Шер батса — кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқанын ардагері - қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай,
Күтеді көптен сені қарай-қарай.
Кене мен Абылайдың жолын қумай,
Жапанда жайылудың мәні қалай?!

Ертеде Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі - сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!

БІЗДІҢ СҰХБАТ

ТҮРКІ ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІНЕ ҚОСЫЛҒАН ЖАҢА ҮРДІС

ТҮРКСОЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ БАС ХАТШЫСЫ ДҮЙСЕН ҚОРАБАЙҰЛЫ ҚАСЕЙІНОВПЕН СҰХБАТ



Дүйсен Қорабайұлы, Түркістан - «Түркі әлемінің мәдени астанасы» атаулы жылының бітуіне де аз уақыт қалды. Осы жыл ішінде жоспарланған іс-шаралардың бәрін іске асыра алдыңыздар ма?

2016 жылдың 1 желтоқсанында Әзірбайжанның Шеки қаласында Түркітілдес елдердің Мәдениет саласы министрлерінің Тұрақты кеңесінде барлық министрлердің қолдауымен бірауыздан Түркістанды «Түркі әлемінің мәдени астанасы» деп жариялады қ. Түркістан қаласы – ежелден-ақ түркі халықтарының атамекені, Орта Азияның орталығы, түркі әлемінің ұлы ақыны, рухани көсемі Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі орналасқан киелі қала. Өздеріңізге белгілі, 2016 жылды Халықаралық ЮНЕСКО ұйымы «Яссауи жылы» деп жариялаған болатын. ЮНЕСКО ұйымымен бір бағытта жұмыс жасайтын ТҮРКСОЙ ұйымының «Яссауи жылынан» соң, оны тәрбиелеп әлемдік деңгейге шығарған қасиетті қара топырақ, киелі мекен Түркістан қаласын «Түркі әлемінің мәдени астанасы» етіп жариялауы – мән мағынаға ие, аса маңызды оқиға болғаны анық.

Атаулы жыл жарияланғаннан кейін алғашқы екі-үш ай дайындық жұмыстарына, жобаның жоспарын жасауға кетті. Наурыз айынан бастап жоспарланған қырықтан астам халықаралық іс-шаралардың түгелге жуығы іске асты. Түркістан қаласы бұған дейінгі мәдени астаналарға қарағанда мәдениеттің әр саласын қамтыған ең көп іс-шаралар жасау арқылы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасының тарихындағы рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Әсіресе, мәдени астананың ашылу салтанаты ерекше есте қалды. Осы мүмкіндікті пайдаланып, жобаны іске асырудағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің, Оңтүстік Қазақстан облысы және Түркістан қаласы әкімдіктерінің ерекше еңбектерін атап өтуге тиіспін.

Осы орайда, «Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасы туралы қысқаша мәлімет бере кетсеңіз...

«Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасын салыстырмалы түрде жаңа тәжірибе деп есептеген жөн. Бұл жобаның тарихы бар болғаны бірнеше жылды ғана қамтиды. Түркі мәдениеті мен өнеріне қосылған жаңа үрдіс ретінде бұл атаулы жылды белгілеу 2010 жылы Ыстамбұлда өткен Түркітілдес мемлекет басшыларының 10-шы саммитінде ТҮРКСОЙ-дың ұсынысымен жүзеге асты. Осы жиында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен алғаш рет Қазақстанның бас қаласы - Астана қаласы 2012-ші жылғы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болып жарияланды. Астанада өткен атаулы жылдан соң Елбасы үлгісімен түркітілдес елдердің Президенттері мен Үкімет басшылары бұл жобаға ерекше мән беріп, үлкен қамқорлық көрсетті. Мәселен, 2013 жылы Ескішехир қаласында «Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасының жабылу салтанатына қазіргі Түркия Президенті, сол кездегі Премьер-министрі

Режеп Тайып Ердоған арнайы қатысты. Ал, 2014 жылы осы мәртебені Қазан қаласына беру үшін Татарстан Президенті Рүстем Минниханов Түркия сапары кезінде ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының штаб-пәтеріне арнайы келіп, ұсыныс жасады және осы жобаның жоғары деңгейде өтуін тікелей қадағалап, көптеген шараларына өзі де қатысып отырды. Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің 4-ші саммитінде Түркменстан Президенті Гурбанғұлы Бердімұхамедов 2015 жылы Түркіменстанның Мерв қаласына «Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесін беру туралы ұсыныс енгізіп, кейін жобаның іске асуына тікелей атсалысты. Өткен жылы тарихи Жібек жолының бойында орналасқан Әзірбайжанның Шеки қаласы 2016 жылғы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болып бекітіліп, республика басшылығының қолдауымен мәртебелі жылды абыроймен атқарып шықты.



ТҮРКСОЙ-дың шаңырағы астындағы елдерде енді ғана қолға алынған тәжірибе екендігіне қарамастан бұл жоба әлемдегі өзге үлгілерінен әлдеқайда сәтті және нәтижелі жүргізілді. Астана, Ескішехир, Қазан, Мерв, Шеки және Түркістан қалалары мәдени астана ретінде өз қолына алған ауыспалы туды абыроймен келесі қалаға жеткізуге тырысты. Жүздеген мәдени іс-шара ұйымдастырылып, төрткүл дүниеден жиналған өнер адамдары, ғалымдар және зиялы қауым арасында мәдени ықпалдастық пен тәжірибе алмасу мүмкіншілігі туды.

«Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасының ашылу және жабылу рәсімдері үлкен өнер фестивальдеріне ұласып, мәдени астаналар жыл бойы түркі әлемінің өнерпаздары мен білімпаздарының кездесу орталығына айналуда. Осының арқасында бұл қалалардың мәдениеті мен өнері байыды, ұйымдастырылған көптеген іс-шаралар түркітілдес мемлекеттер арасындағы мәдени интеграция үдерісін үдете түсті. Көбісі тарихи Жібек жолының бойында орналасқан бұл қалаларда түркітілдес халықтардың мәдени мұралары дәріптеліп, бауырлас елдердің жастарының бір-бірінің ізгі дәстүрлерін тереңірек тануына жағдай жасалды.

Осы жоба аясында Түркістанда өткен қандай шараларды ерекше атап айтар едіңіз? Мынау артық, мынау кем дейтіндей тұстар болды ма?

Белгілі бір қаланы мәдени астана етіп жариялаудағы басты мақсатымыз тек сол қалада түрлі іс-шаралар ұйымдастыру ғана емес. Ең басты мақсатымыз – аталған қаланың түркі халықтарының ақпараттық кеңістігінде танымал болуы. Байқасаңыздар, бұған дейін де мәдени астана мәртебесіне ие болған қалалардың бәрі де өз елдеріндегі туризм орталықтары. Тіпті, кейбіреуі аймақтық, халықаралық дәрежеде танылған туристік қалалар. Сондықтан, Түркістанды мәдени астана етіп жариялаудағы басты мақсатымыз – онсыз да ортазиялық түркі жұртына танымал рухани орталықты әлемдік аренада алыс географиядағы бауырлас елдерге таныстыру. Мәдени астана мәртебесіне орай, жыл бойы Түркістан, Шымкент қалаларында ондаған ірі мәдени шаралар өткізілді. Бірі олай, бірі бұлай деп айта алмаймын, барлық шаралар да жоғары деңгейде, жоспарға сай жақсы өтті. Әрине, біздің жасаған шараларымыздың бәрі де бүкіл елге бірдей ұнай бермеуі мүмкін. Ең бастысы, биыл бұл өңір түркі әлемінен туристер мен мәдениет қайраткерлерінің жиі бас қосатын, зияратқа келетін мәдени орталығына айналды. Түркістандықтар бауырлас түркі халықтарының мәдениетін жақыннан тануға, өз кезегінде сырттан келген туыстарымыздың Түркістанды, түркістандықтарды жақыннан тануға мүмкіндіктері болды. Көптеген түркі әлемінің мәдениет пен өнер, тарих, әдебиет салаларындағы қайраткерлері Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб, Үкаша Ата, Ибрагим Ата секілді киелі кесенелерден бастап, Отырар, Сауран, Көне Йассы қалаларының орынын өз көздерімен көріп, ұлы бабалар басқан қасиетті мекенге тәу етті.

Түркістан - «Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасы ТҮРКСОЙ Тұрақты Кеңесінің 35-інші отырысымен қорытындыланбақшы.

Тұрақты Кеңесте қандай мәселелер қаралады?

Жыл сайын бір рет өтетін Түркітілдес елдердің Мәдениет саласы министрлерінің Тұрақты кеңесінде (қысқаша атауы ТҮРКСОЙ Тұрақты кеңесі) ТҮРКСОЙ ұйымының жылдық есебі тыңдалып, келесі жылғы жұмыс жоспары бекітіледі. Біздің ұйымның шаралары жыл бойы тек қана Түркістанда өткен жоқ, әлемнің әртүрлі елдерінде мәдениеттің түрлі салаларын қамтыған жүзден астам көлемді шаралар өткізілді. Олардың ішінде түрлі тақырыптағы конференциялар да, концерттік турнелер де, сурет көрмелері де, музыка, өнер, театр фестивалдары да, мерейтойлық шаралар да бар. Әрбіреуін жеке-жеке атап отыру көп уақыт алады. Тұрақты Кеңесте осы атқарған жұмыстарымыз туралы есеп береміз, келесі жылға арналған жоспарымызды бекітеміз. Сондай-ақ, алдағы жылға арналған атаулы жылдар туралы шешім де осы Тұрақты Кеңесте қаралып бекітіледі. Өздеріңізге белгілі, біздің ұйым 2010 жылдан бері белгілі бір мерейтойлық датаға сәйкес түркі әлеміндегі мәдениет саласындағы ірі тұлғаларға атаулы жылды белгілеп, халықаралық деңгейде іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Өткен жылдары башқұрт тарихшысы Зәки Валиди Тоғанның, татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың, түркімен ақыны Мақтұмқұлының, қырғыз ақыны Тоқтоғұлдың, түрік жазушысы Халдун Танердің, хакас жыршысы Семен Кадышевтің, ортағасырлық түркі ақыны Жүсіп Баласағұнның, ал, биыл әзірбайжан ақыны Молла Пенах Вагифтің мерейтойларына арналды. Қазақ мәдениет қайраткерлері ішінен сазгер Мұқан Төлебаевтың 100 жылдық мерейтойына орай 2013 жылы «Мұқан Төлебаев жылы» болып жарияланды. Бұл жоба қаншама көрнекті тұлғалардың рухани мұраларының туыс тілдерге аударылуына себеп болып, бауырлас жұрттардың қаншама жас ұрпағы олардың шығармашылығын жаңа қырынан танып, осының әсерінен өмірге қаншама жаңа туынды дүниеге келді. Атаулы жылдан бөлек Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының қолдауымен Абай, Жамбыл, Дина, Сүйінбай, Тәттімбет, Қасым Аманжолов, Қалижан Бекхожин, Сәкен Сейфуллин, Олжас Сүлейменов, бұдан басқа да ондаған қазақ ақын-жазушылары мен өнер қайраткерлерінің мерейтойлары халықаралық деңгейде аталып өтті. Бұлардың ішінде үшеуіне – Дина Нұрпейісова, Сүйінбай Аронұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы атына біздің ұйымның ұсынысымен Түркия астанасы Анкара қаласында саябақтар ашылды, жыр алыбы Жамбыл атамыздың құрметіне көше атауы берілді.



Келесі жылға қатысты әзірге үш елден ұсыныс бар. Қырғызстаннан жазушы Шыңғыс Айтматов, Әзірбайжаннан композитор Кара Караев, Қазақстаннан ақын Мағжан Жұмабаев есімдері атаулы жыл жариялау ұсынылды. Нақты шешімді ТҮРКСОЙ Тұрақты кеңесі шығарады.

Келесі жылғы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болатын қаланы да осы Тұрақты кеңесте жариялайсыздар ма? Қай қала болатыны алдын-ала белгілі ме?

Жоғарыда айтқандай, «Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасы ТҮРКСОЙ-ға мүше елдерде енді ғана қолға алынған тәжірибе екендігіне қарамастан халықаралық аренада тез уақытта танымал болып, нәтижелі іске асқандықтан осы мәртебеге ие болғысы келетін қалалардың да қатары күрт артып кетті. Сондықтан, біздің ұйымға түркітілдес елдердің түрлі қалаларынан мұндай ұсыныстар көптеп түсуде. Мысал ретінде, келесі жылы мәдени астана мәртебесін алу үшін тек Түркияның өзінен бес бірдей қаладан өтініш түскенін айтсақ та жеткілікті. Алайда, «Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесіне ие болудың белгілі шарттары бар. Сондықтан бұл сұраққа қазір нақты жауап беру мүмкін емес. Алдын-ала барлық министрліктердің ұсыныстары алынды. Талаптарға сай қалалардың саны белгіленді. Енді 2017 жылдың 5 желтоқсан күні Түркістанда өткізілетін Түркітілдес елдердің Мәдениет министрлерінің Тұрақты Кеңесінің 35-ші отырысында қаралып, нақты шешім шығарылады, жаңа мәдени астана жарияланады. Осылайша, 2018 жылғы «Түркі әлемінің мәдени астанасын жариялау туралы» қаулы қабылданған жер ретінде Түркістан қаласы тағы бір рет тарих сахнасындағы орнын алады.

Сұхбатыңыз үшін көп рахмет, еңбегіңізге табыс тілеймін!

Сұхбаттасқан Гүлжаз ҚАРЫБЕККЫЗЫ

МӘДЕНИ АСТАНА



ТҮРКІСТАН
түбі бір түркіні туыстастырды

Биылғы жыл түркі жұрты үшін несімен есте қалды, дегенде алдымен ауызға ілігетіні түркі жұртының тұмарына айналған киелі Түркістанда «Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында өткен әрқайсысы бір-бір фестивальге жүк болар қадау-қадау іс-шаралар. Түрік тектес халықтардың тарихы, тілі мен мәдениеті һәм бүгінгі күнгі интеграциясы... міне, осы алқалы бас қосуларда айрықша айшықтай көрінген негізгі лейтмотивтер осылар еді...

Ер Түріктің орта ғасырларда бір емес, бірнеше рет Еуразия кеңістігінде дүркін-дүркін ат ойнатып, дүниені дүр сілкіндіріп, төрткүл әлемге өз үстемдігін паш еткендігін мақтан тұтып, ауыз толтырып айтқанымызбен, соңғы үш ғасырдан бері түрік тектес халықтардың мойнынан құлдық қамыттың түспей, империалистік саясаттың құрбаны болып келе жатқандығы көңілге кірбің, жүрекке жара салып жүретін. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген түрік ұлтшылдары бодандықтың темір құрсауынан құтылып, империализм деген қараңғылықтың пердесін серпіп, бостандыққа қол жеткізуді арман ететін. Халқының қамын жеген қаранар азаматтар түрлі қозғалыстар жасап, отаршылдыққа қарсы күресуде ортақтасуды ойлағанмен, түрлі себептермен түрік тектестердің саяси бірлестігін құру мәселесі бейдауа, баянсыз қалушы еді. Түрік тектестер Кеңес Үкіметінің тұсында да бір-бірінің тілін, тарихын зерттеп, мәдени интеграция жасауды тоқтатқан емес. Қазір де осы бағытта ынтымақтаса бауырласып, өз байланыстарын орнықтыруда. Соның бір дәлелі Түркістандағы мәдени астана аясындағы іс-шаралар.

Алдымен Әзірбайжанның Шеки қаласында ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымы Тұрақты кеңесінің 34-отырысы Түркістан қаласын Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы етіп бекіту туралы шешім қабылдады. Көне Яссы қаласының 1500 жылдық мерейтойынан кейінгі тарихи оқиға ретінде елең еткізген осынау айтулы шара Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мерекесі қарсаңында түркістандықтарды, жалпы қазақстандықтарды ерекше қуанышқа бөледі.

Өнер мен мәдениет саласындағы тұлғаларды дәріптеу мақсатында ТҮРКСОЙ ұйымы осынау жиынды жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырып келеді. 2012 жылдан бері қарай түркі әлемі қалаларының бірі түркі әлемінің астанасы деп жариялануда. Мұндай алқалы жиын өткізу бақытына алдымен елордамыз – Астана ілікті. Биыл бұл бақыт Түркістан қаласының еншісіне тиген еді. Ілгерірек, 2013 жылы – Ескішаһар (Түркия), 2014 жылы – Қазан (Татарстан), 2015 жылы – Мары (Түркменстан), 2016 жылы – Шеки (Әзірбайжан) қалалары түркі жұртын қабылдаған болатын. Бұл қалалар бір жыл ғана түркі әлемінің астанасы мәртебесіне ие болғанымен, өзінің түркі әлемінде алар орнын, маңыздылығын толық байқатып отырды.

Енді осы айтулы мәртебеде Түркістан қаншалықты маңызға ие болды, бүкіл түркі әлеміне паш ететіндей нендей құнды дүниелерімізді көрсете алдық, мәдени ошақтарымыздың бүгінгі жай-күйі халықаралық іс-шараларды өткізуге толық әзір болды ма, енді соған тоқталайық.

Айтулы шараға дайындық өткен жылдың соңынан бастап қолға алынды. «Көне Түркістан» атты жаңа концепция аясында Қ.А.Ясауи бабамыздың кесенесінің

маңы көне заманнан сыр шертетін байырғы қала кейпіне ене бастады. Шара барысында келген туристерге ыңғайлы жағдай жасау мақсатында 10-ға тарта нысан бой көтеріп, тарихи орындардың инфрақұрылымдары ретке келтірілді. Жалпы, Түркістан қаласының айтулы шараларды өткізуде мол тәжірибесінің бар екенін айта кету керек. Мәселен, тәуелсіздік жылдарында Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Түркістанға жасаған ресми сапарларының саны 13 болса, соның ішінде бауырлас мемлекет Президенттерімен қасиетті қалада 6 рет ресми кездесу өткізген екен. 2000 жылы ЮНЕСКО шешімімен Түркістан каласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтіп, тарихи қаланың дамуындағы айтулы кезең болды. 2002 жылы дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы Түркістанда өтті.

Сонымен, не керек, 22 наурызда 23 мемлекеттен келген түркітілдес 25 ұлттан тұратын 300-ге тарта шетелдік қонақтар мен халықаралық ұйым өкілдері, жалпы алғанда 10 мыңға жуық адам қатысқан «Наурызнама» театрландырылған қойылымынан бастау алған дүбірлі рәсім 8 ай бойы 70-ке жуық түрлі деңгейдегі іс-шараларға ұласты. Оның 40-қа жуығы халықаралық деңгейде ұйымдастырылған маңызды басқосулар болды. Айтулы шараға еліміздің Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен ТҮРКСОЙ Халықаралық Ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов арнайы қатысып, әр елдің жоғары лауазымды ресми өкілдері ыстық лебіздерін ақтарды. Түркітілдес мемлекеттердің «Наурыз» керуені шаһардың бас алаңында сән-салтанат құрды. Керуенде 300-ге жуық мәдениет майталмандары керемет өнер көрсетті. Шын мәнінде бұл күллі түркі жұртын дүр сілкіндірген айтулы оқиға болды.

Несін айтасыз, ала жаздай көне Яссыда бірінен соң бірі түркі әлемінің халықаралық ақындар айтысы, түркі тілдес халықтар театры, опера, би, сатира, дәстүрлі өнер және анимациялық фильмдер мен қолөнер шеберлерінің, түркі журналдарының, музыканттардың фестивальдері, суретшілер көрмесі өтіп жатты. Бұл түркітілдес ұлттар арасындағы бауырластықты, достықты нығайтып қана қоймай, түркілік мәдениет пен өнерді барша әлемге танытты.

Осылайша Ұлт көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясын ұстанған Ұлы дала елінің шаһары, Түркі елдерінің мәдени астанасы Түркістан төрткүл дүниеге танылды, түркі тілінде сөйлейтін халықтар мен елдердің арасындағы достық қатынастарды нығайтып, ортақ түркі мәдениетін, тілін, тарихын, өнерін, әдет-дәстүрлерін насихаттады.

Кеудемізді мақтаныш кернеп, ежелгі қазақ хандығының астанасы болған Түркістан жыл бойы тарих бесігінде тербелді. Мәдени астана аясында өткен іс-шаралар елдік бейнеміздің кәусар бұлағын танытып, өткен тарихымызды, мәдениетімізді дәріптеді. Ең бастысы, түркі жұртының бір шаңырақ астында біріге алатынын айдай әлемге паш етті!

Ия, Түркістан түбі бір түркіні бір ананың баласындай туыстастырды!

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
Түркістан қаласының құрметті азаматы.



ӨЗЕКТІ ӘҢГІМЕ

ТҮРКІСТАННЫҢ ТЫНЫСЫ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ӘЛІПБЕК ШӘРІПБЕКҰЛЫ ӨСЕРБАЕВПЕН СҰХБАТ



«САРАСӨЗ»: Түркістан – түркі жұртының тәбәрігі. Ешкім үгіттемей-ақ, ешкім уағыз жасамай-ақ, әрбір намысты түркінің баласы Түркістанды тәу етіп, қасиет тұтады. Әңгімеміздің әлқиссасын тарихы тереңнен тамырланып, бүгінде 1517 жылдық шежіресін жазып жатқан көне шаһардың қазіргі тыныс-тіршілігінен бастасақ...

ӘЛІПБЕК ӨСЕРБАЕВ: Қасиет қонған құт мекеніміз – Түркістанның тынысы кеңейіп келеді десем артық айтпаған болармын. Иә, маған дейін де көптеген азаматтар басшылық қызмет атқарды. Олар да өз деңгейде қаламыздың берекесін арттыруға күш салды. Соған лайық жыл өткен сайын Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуы өсу үстінде. Сол сабақтастықты өзімнің қал-қадірімше жалғастырып, ел алдындағы міндетімді халық қызметшісі ретінде және жоғары тұрған басшылық тарапынан жүктелген істерді өз деңгейінде орындауға күш салып келемін. Осы тұрғыда ауыл шаруашылығы мен өндірісі қатар дамып келе жатқан Түркістандағы табыс көзі ол – туризм саласы. Біздің негізгі мақсат жергілікті тұрғындарға аталған салалармен қатар туризм саласынан түсетін табыс көздерін насихаттап осы бағытта жұмыс жасауға шақыру. Нәтижесі жоқ емес. Қазіргі күні жеке азаматтар есебінен қалаға келген туристерге ыңғайлы 15 қонақ үй қызмет көрсетеді. Сонымен бірге, заман талабына сай қоғамдық қызмет көрсетуорындарыкөптеп ашылып жатыр. Бұдан бөлек мемлекет есебінен де туризмнің көкжиегін кеңейтуге жағдай жасап жатырмыз. Соның ішінде көне Сауран қалашығы, Үкаша ата, Гаухар ана тарихи орындарының инфрақұрылымы қалыптастырылды. Одан бөлек қала орталығында бой көтерген тарихи-мәдени этнографиялық орталық, қолөнер орталығы және зияратшылар орталығы бой көтеріп, бүгінде қала халқы мен қонақтардың игілігі үшін жұмыс жасауда. Айта берсек, бұл салада атқарылған шаралар жетерлік, бірақ алдағы міндеттеріміз бұдан да ауқымды.

Сіздің өңірдің тыныс-тіршілігі жөніндегі сауалыңызға осы туризм саласын баса айтып отырған себебім, шағын және орта бизнесті да-



мыту халық әлеуетінің артуына жол ашады. Сондықтан бұл салада еңбек ететін біздің әрбір тұрғынымыздың алар үлесі мол екендігін жеткізгім келіп отыр. Шағын және орта бизнес дедік қой. Бұл бағыт мемлекетіміздің негізгі тірегі болуы тиіс. Елбасымыз айтқандай әр азамат өзін-өзі жұмыспен қамтып, өзі кәсіп ашса, оны атакәсіпке айналдырса ішкі өнімнің артуы, табысымыздың нығаюына кең жол ашылады. Ал, біздің Түркістан қаласында ауылшаруашылығы болсын, өнеркәсіп мейлі саудасаттық салалары болсын жүйелі жолға қойылған деп айта аламын. Біз осындай тетіктерге қолайлы жағдай жасап, одан әрі дамытуға мүмкіндік тудыру жолдарында жұмыс жасап келеміз.

«САРАСӨЗ»: Тәуелсіз жұртымыздың басшысы, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біздің киелі қонысымызды әрдайым қаперінде ұстап, қамқорлығын аямай келеді. Ширек ғасыр шегінде мемлекет жетекшісі Түркістанның қасиетті топырағына он үш мәрте ат басын бұрып, алты рет туысқан ел басшыларымен бірге бас қосыпты...

ӘЛІПБЕК ӨСЕРБАЕВ: Иә, мемлекет басшысының Түркістанға жасаған әрбір сапарынан халқымыз үлкен үміт мол жақсылықтар күтеді. Соған сай Елбасымыздың Түркістанға деген ықыласы ерекше деген болар едім.

Қазақтың кең-байтақ даласының қай өңіріне де кие қонған, құт дарыған. Әйткенмен, тұтас түркі жұрты Түркістанды атамекеніміз деп таниды. Қарт Қаратау мен сырлы Сырдария арасына қоныс тепкен дархан даламыздың ежелгі астанасы бұл мекеннің тарихтағы орнын айшықтап тұрғандай. Елбасының қаламызды «Қазақстанның рухани орталығы – Түркістан» деп атауында айрықша мән бар. Мұнда қазақ халқының келешегіне қатысты талай тағдырлы шешімдер қабылданғаны белгілі.

Елбасы тәуелсіздік жылдары Түркістан қаласының, ондағы еңбексүйгіш халықтың ертеңіне қажетті бірнеше ірі жобалардың іске асуына бастамашы болды.

Соның нәтижесінде Тәуелсіздігімізбен қатар бой көтерген Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті бүгінде Түркістанды түркі әлемінің білім орталықтарының біріне айналдырды.

Осындай елеулі жұмыстардың ішінде мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев өзі Түркістанға арнайы келіп, Түркия Республикасының Президенті Р.Т.Ердоған мырзамен бірге ашқан сәулетті орталық мешітінің өзі қала көркіне сән қосуынан бөлек рухани негізіміздің нығаюына қосқан өлшеусіз үлес десек болады. Сол секілді осы тәуелсіздік жылдары ішінде қаламыздағы елеулі оқиғалардың барлығын тікелей мемлекет басшысының есімімен байланыстыруымызға толық негіз бар.

Осы орайда, сауалыңызда айтылғандай Тәуелсіздік жылдарындағы Түркістанның тарихына көз жүгіртетін болсам, 1991-1993 жылдары шеттен келген қандастарымызға арнап «Достық» елді мекені бой көтерді. Сонымен бірге, 2000 жылы

ЮНЕСКО шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтуі де тарихи қаланың дамуындағы айтулы кезең болды. Одан кейін, 2002 жылы Дүниежүзі Қазақтарының II-ші Құрылтайы Түркістанда өтті. Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай, қасиетті



тайқазанды ұлықтау рәсімі де Түркістаннан бастау алып, ел бірлігінің мызғымастығын тағы да бір паш етті.

Халық саны 1991 жылы шамамен Түркістанда жалпы 180 мыңдай тұрғын болса, қазір бұл 270 мың адамды құрап отыр. Бұл кезде мемлекеттің басты мақсаты әлеуметтік жағдайды арттыру еді. Сол кездегі білім, денсаулық, спорт тағы басқа да салаларды жетілдіру әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен емес.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Түркістанда жаңадан 39 мектеп ғимараттары салынды. Сондай-ақ, 50 балабақша (22-сі жекеменшік) ашылып, медицина саласында 23 денсаулық сақтау нысаны бой көтерді. Ал, бұқаралық спортты дамыту мақсатында 48 спорт нысаны пайдалануға берілді. Осындай шаралармен қатар, ауылшаруашылығы саласында 1991 жылы шаруалар саны 410 болса, қазіргі күні қала аумағында 3600 шаруа қожалық (іріленген қожалықтар да бар) тіркелген. Мал басының барлық түрін қосқанда 1991 жылдары 210 мыңнан асса, бүгінде 635 мыңға жетіп, 3 есеге артып отыр. Осы салада Түркістанда шамамен 20 түрден астам азықтық өнімдер шығарылады. Бұдан бөлек, мақтаны қайта өңдеу дамып келеді.

Негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 1991 жылы бүгінгі бағаммен есептегенде 56 млн. теңге болса, 2016 жылдың осы мерзімінде 10 млрд. 649 млн. теңгені құрады. Өнеркәсіп өнім көлемі 1991 жылы 253,2 млн. болса, қазір 8 млрд. 445 млн. теңге болды.

Міне, тізбектей беретін болсақ, осы секілді сандар реті мол. Сауалыңызды қорыта айтсам Елбасының Түркістан қаласына деген қамқорлығының арқасында өндірісі өркендеп, тұрмысы оңалған өлкеге айналды.

«САРАСӨЗ»: ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымы 2012 жылдан бері әлемдегі түркі қалаларының бірін әр жылда «Түркі әлемінің мәдени астанасы» деп жариялауды дәстүрге айналдырды. Биылғы 2017 жылдың еншісі – көнекөз, көркем Иассы, яғни, бүгінгі күнсәулелі Түркістан қаласына бұйырды. Қазақ мәдениетінің маңызды қазынасы ғана емес, күллі түркі дүниесінің мерейлі мақтанышы саналатын қаламыз жаңа мәртебе, баянды беделді лайықты атқара алды ма?

ӘЛІПБЕК ӨСЕРБАЕВ: Орынды сұрақ. Облыс басшысы Жансейіт Қансейітұлы осы міндетті абыроймен атқаруды өзінің жіті назарында ұстап отыр. Иә, бұл жерде мәртебе Түркістан қаласына берілді дегенмен ауқымы кең маңызды шараны жыл көлемінде өз дәрежесінде өткізу облысқа сын.



Сондықтан облыс басшысы бастап, біз қостап дегендей «Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы» деген сенімнің үдесінен шығу үшін қолдан кел-

ген шараларды атқарып келеміз.

Десек те салмақ қаламызға түсетіні сөзсіз. Осы тұрғыда игілікті шара аясында мәртебелі мейманларды көзіне бірінші кезекте қаланың келбеті түседі. Сол мақсатта абаттандыру жұмыстарына басымдық бердік. Сонымен бірге, негізгі бағытымыз қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да назардан тыс қалмауы керек. Міне, осы міндеттер аясында жұмыс жасап жатқан жағдаймыз бар. Ал, жаңа мәртебе, баянды беделді лайықты атқара алу жағына келсек, оның бағасын өзімізше топшылап, сырт көзден тыс өз арамызда лайықты іс жүргіздік деп атқарған жұмыстарымыздың салмағын арттырып сөз еткенім артық болар деп ойлаймын. Оның бағасын беретін халық және өзге де жауапты тұлғалар бар. Сондықтан біз ел игілігі жолындағы жұмыстарымызды атқарып, соған лайықты бағамызды алсақ жеткілікті.

«САРАСӨЗ»: Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын бағдарламалық еңбегінің аясында Өзіңіз тізгінін ұстаған ежелгі де еңселі мекенде жүзеге асқан ауқымды шаралардың ішіндегі «Көне Түркістан» атты жаңа тұжырымдаманың қарымы қызықты, әлеуеті асқақ көрінді...

ӘЛІПБЕК ӨСЕРБАЕВ: Түркістан қаласын әлемдік деңгейдегі тарихи-мәдени орталық ретінде дамыту үшін «Көне Түркістан» концепциясы жасалды. Концепцияның басты бағыттарының бірі – туристік индустрияны дамыту болып белгіленген.



Жобаның негізгі идеялық мәні – Түркістан қаласын Түркі әлемінің тарихи Астанасы контексінде «ТҮРКСОЙ» ұйымына мүше елдерге ұсыну. Сонымен бірге түркітілдес халықтарының сәулеттік, этнографиялық және ұлттық гастрономиялық бағыттарын танытып, қаланы түркі әлемінің мәдени орталығына айналдыру. Жоба жалпы 99,6 гектар жер аумағын қамтиды және оны іске асыру 3 кезеңге бөлінген.

Тарқатып айтсақ: Бірінші кезеңде, жобаны іске асыру мақсатында бекітілген қадамдық іс-шара жоспарына сәйкес Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қарсы бетінде орналасқан 12,8 гектар жер аумағында «Көне Түркістан» жобасының негізгі идеялық мәнін іске асыру үшін «ТҮРКСОЙ» ұйымына мүше елдердің мәдени ошақтарын нақты тарихи сипатта, өзіндік сәулеттік нақышта қалыптастыру жөнінде жобалық ұсыныстар барысында жұмыс жүргізіледі. Оған түркітілдес елдері тарапынан инвестиция салу мәселесімен қатар отандық немесе басқа да инвесторларды тарту жұмыстары жүргізілетін болады.

Екінші кезеңде, Түркия мемлекеті тарапынан салынған 2000 орындық мешіттің оңтүстік шығыс бетіндегі 45,0 гектар жер аумағына екі нұсқада этносаябақ салу жоспарланды. Біріншісі, осы аталған жерге ескі тарихи орта ғасырлық қалашықты археологиялық зерттеуден кейін консервацияланған музейлік экспонат күйінде қалдырып, этнографиялық саябақ жасау ұсынылып отыр. Бұл тәжірибе Германия, Біріккен Араб Әмірлігі, Греция, Израиль сияқты мемлекеттерде нәтижелі жұмыс жасауда. Осы этносаябақта туристерге орта ғасырлық көшелердің көріністерімен сол кездің мәдениетін тамашалай алатындай мүмкіндіктер жасалады. Сонымен қатар, облысымыздағы тарихи-мәдени ескерткіштер жөнінде мағлұмат беретін ашық аспан астындағы макеттер орналастырылады. Саябақта ескі тарихи көлшік қайта қалпына келтіріледі.

Екіншісі, Қ.А.Ясауи кесенесінің оңтүстік-шығыс бетінде қаланың ортағасырлық рабадтың тарихи іздері жақсы сақталған. Алайда, қаламызға келетін туристерге ортағасырлық қаланың көрінісі қандай болғаны жайлы фотосуреттер мен графикалық суреттерден басқа ұсынарымыз жоқ. Жоғарыдағы Рабад бөлігіне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, аталған тұрғын үйлер мен дүкен тағы басқа да орындардың қазба нәтижесі негізінде жобасын жасап қайта қалпына келтірсек ортағасырлық Түркістанның бет бейнесін көретін туристік нысанға айналдыруға болады. Ол құрылыстарды тұрғын үй ретінде емес керісінше дүкен, қол өнері шеберханалары, асхана ретінде кәсіпкерлерге жалға беріп, ғимарат тұрғызу үшін өздерін инвестор ретінде тарту ұсынылмақ.

Үшінші кезеңде, орталық Есімхан алаңымен Әмір Темір көшесі аралығында С.Қожанов, Байбұрт көшесі, жаяу жүргіншілер арбат бойындағы

ғимараттардың жарамдылығын ескере отырып, қайта жарақтандырып, жаңалап, коммуналдық нысандарды жоспарлай келе туристерге қызмет көрсету орталығын, (саябақ, демалыс орындарын, сауда орындарын, тамақтандыру орындарын, қонақ үй жайларын, мұрағат ғимаратын, «қазақ хандығы» мемориалды кешенін, этно-сазды кешенін, мультимедиялық орталықтарын) қалыптастыру



жоспарланып отыр.

Осы жұмыстармен қатар, табиғи қорды пайдаланып қаламызда емдік-сауықтыру туризмін дамыту бағытын күн тәртібіне қойып отырмыз. Бұдан бөлек, алдағы уақытта тарихи-мәдени туризм түрлерін және оның инфрақұрылымдарын дамыту да жоспарымызда бар.

Олар:

- Көне Сауран қалашығы, Укаша ата тарихи орны;

- Этникалық туризмді дамыту бойынша салынатын «Этносаябақ».

- Қаратау бөктерінде орналасқан «Жылаған ата» сарқырамасы мен үңгірі.

Түркістан қаласынан 100 шақырым қашықтықтағы, теңіз деңгейінен 1300 метр биіктікте орналасқан сарқырама үңгір Қаратаудың жон арқасындағы құтты мекен. Үңгір кәдімгі сарқырама секілді. Кез келген сарқырамадан үнемі су ағып тұратын болса, «Жылаған ата» сарқырамасынан су белгілі бір уақыт көлемінде ғана ағады. Жұмбақ құбылыс ешқандай уақытқа бағынбайтын тылсым, нағыз жұмбақ сарқырама. Табиғат ананың ерекше бір құбылысы. Сарқыраманы көруге барған әрбір адам келген сәтінен сарқырама суының аққан және тоқтаған мезеттерін көрмей кеткен емес. Бұл жерге Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Қытай және еліміздің барлық өңірлерінен жылына екі мыңға жуық адам келеді. Бірақ аталған орын көпшілікке қолжетімді жағдайда емес. Сондықтан келушілердің бару мүмкіндігін жеңілдету мақсатында жол көлік инфрақұрылымын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеп отырмыз.

Осылайша айта берсек, «Көне Түркістан» концепциясының ішінде әлеуметтік түйіткілдерді шешуге бағытталған жобалар да қарастырылған. Соның ішінде өздеріңіз көріп жүрген «Отырар» мөлтек ауданының бой көтеруі, қаланы газдандыру, ауыз сумен қамту секілді түрлі салалар топтастырылған кең ауқымды жоба болып табылады.

«САРАСӨЗ»: Өңірлік өнім көлемінің артуы, оның ішінде, өнеркәсіптің,ауылшаруашылығымен өзге де салалардың үлесі жөнінде айта кетсеңіз және оған қалай қол жеткізілді?

ӘЛІПБЕК ӨСЕРБАЕВ: 2017 жылдың 10 айында қаланың жалпы өңірлік өнімі 86 778,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,0 пайызға артты. Оның ішінде өнеркәсіп саласына 12,8 пайыз, ауыл шаруашылық саласына 44,2 пайыз, орындалған құрылыс жұмыстарына 11,6 пайыз, тауар айналымы және қызметтерді өткізу көлеміне 31,4 пайызы тиесілі. Халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ 332,1 мың теңгені құрайды.

Осы салалар бойынша аз-кем тоқталып өтер болсам, өнеркәсіп және кәсіпкерлік саласында қаламызда ірі және орташа, шағын және қосалқы 56 кәсіпорын жұмыс жасайды. Үстіміздегі жылдың 10 айында өнеркәсіп өнім көлемі 11 088,5 млн. теңгені құрап, нақты көлем индексі 108,4 пайызды құрады.

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында 2010-2016 жылдары жалпы құны 4665,7 млн. теңгеге 19 жоба енгізілді. Оларда 910 жұмыс орын ашу көзделген. Осыдан 2010-2016 жылдары ішінде құны 2493,0 млн. теңгені құрайтын 13 жоба іске қосылып, 643 жұмыс орны ашылды, өндірілген өнім көлемі 1112,1 млн. теңгені құрап, жалпы өнеркәсіп өнімі көлеміндегі үлесі 10,0 пайыз болды.

2017 жылы өңірлік картаға енгізілген индустриалды аймақта орналасқан жобалық құны 400,0 млн. теңгені құрайтын, жаңадан 110 жұмыс орнымен қамтамасыз ететін 2 жобаның іске қосылуы күтілуде. Олар құрылыс бұйымдарын және жұмсақ жиһаз өнімдерін өндіреді.

Осы өнеркәсіп саласын алға сүйрейтін жобаның бірі қаламыздағы индустриялды аймақтың құрылуы дер едім. 40 гектарды құрайтын аймақта 847,0 млн. теңгеге инфрақұрылым жүйелері жүргізілген. Жалпы аймақта 11028,1 млн. теңге, 14 жоба, 720 жұмыс орны құрылады. Бүгінгі таңға 4 кәсіпорын мемлекеттік қабылдаудан өтіп, 128 жұмыс орны ашылды. Осы жыл ішінде мұнда іске

қосылған жобалардың өндірілген өнім көлемі 565,3 млн. теңгені құрап, жалпы өнеркәсіп өнім көлемінде үлесі 5,0 пайызды құрады.

Сонымен бірге, аталған аймақ маңынан сауда логистикалық орталығын салуға жалпы алаңы 20,0 гектар жер телімі бөлінді. Орталықтың құрылысына 237,0 млн. теңге қаржы бөлінген. Онда жобалық құны 4792,0 млн. теңгені құрайтын 10 жоба орналастыру жоспарланып отыр. Қазіргі таңда аймақтық үйлестіру кеңесінің ұсынуымен логистикалық орталығына бір жоба «Ер-Аман» шаруа қожалығы орналасты, жоба құны-162 млн. теңге.

Бұдан бөлек, қаламыздағы табыс көздерінің негізін құрайтын шағын және орта кәсіпкерлік саласы бойынша қаламызда 13732 субъект тіркелген. Жұмыспен қамтылған адам саны 33 893 және өнім көлемі 86,8 млрд. Теңге болса, бюджетке төленген салық 2 219 млн. теңгені құрайды. Бұл көрсеткішті өткен жылдың осы мерзімімен салыстырып қарайтын болсақ, жұмыспен қамтылғандар 102,4 пайызға, өнім көлемі 103 пайызға өскен.

Осы саламен қатар тұрғындарымыздың атакәсібіне айналған ауылшаруашылығы саласының да өңірімізде алар орны ерекше. Бұл бағытта



жаңашыл жұмыстарымызбен бірге, алдағы уақытта қолға алар жобаларымыз да мол болып отыр. Бүгінгі күні осы ауыл шаруашылығы саласында 38 357,8 млн. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,4 пайызға орындалды. Оның ішінде, мал шаруашылығы 14 273,4 млн. теңгені құрап, 103,3 пайызға, егін шаруашылығы 24 084,4 млн. теңгені құрап 100,4 пайызға орындалды.

2017 жылы 43,7 мың гектар жерге егістік егу жоспарланып, егіс көлемі 44025,8 гектарды құрады. Оған қоса, жаңадан 400 гектар жерді айналымға қосу межеленсе, жайылым жерлердің санатын суармалы жерге ауыстыру арқылы жаңадан 517 га жер айналымға қосылып, тапсырма 129,3 пайызға орындалды.

Қала бойынша үстіміздегі жылы 14,0 гектарға жылыжай салу тапсырылса, есепті мерзімде 16,43 гектар жылыжай салынды. Соның нәтижесінде қала аумағында жылыжайдың жалпы көлемі 63,89 гектарды құрады. Бұдан биыл көктемгі ауысымда 1602 тн көкөніс өндірілді (860 тн қызанақ, 704 тн қияр, 38 тн болгар бұрышы).

Ағын суды үнемді әрі тиімді пайдалану мақсатында тамшылатып суару әдісін 1000 гектар жерге енгізу жоспарланып, есепті мерзімде 1347 гектар жерге ендіріліп жылдық жоспар 134,7 пайызға орындалды. Тамшылатып суару әдісі қолданылған жалпы жер көлемі соңғы төрт жылда 7 335,5 гектарды құрады.

Ауыл шаруашылығы саласында қайта өңдеуді жетілдіру барысында да біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтатын болсам, «GoldenCamelGroup LTD» ЖШС тәулігіне 60 тн қымыран өңдейтін зауытты іске қосуды жоспарлап отыр. Жоба құны 7,4 млрд. теңгені құрап, тұрақты жұмыспен 118 адам қамтылады деп күтілуде. Ескі Иқан ауылдық округінен жобалық құны 204,0 млн. теңгені құрайтын «АгроНұр» АШК шағын сүт өңдеу цехы іске қосылмақ. Мұнда жылына 1200 тн. сүт өңделіп, 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады. Сонымен қатар, «Әл-Береке» АШК жобалық қуаты 110,0 млн. теңгені құрайтын, жылына 1800 тонна жеміс-көкөніс өңдеу кәсіпорынын іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл жерде 21 адам жұмыспен қамтылады.

Осы секілді ауыл шаруашылығы саласында қолға алынып жатқан жұмыстар жетерлік. Соның ішінде 2017 жылы 6 бірлік ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін ашу жоспарланса, есепті мерзімде, 83 бірлік ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылды. Ашылған кооперативтердің 8-і мал шаруашылығымен, 6-і егін шаруашылығымен, ал қалған 69-і аралас бағытта жұмыс істейтін болды.

Бұдан бөлек егістіккежеттісунысандарының да маңызы зор. Бұл бағытта қала аумағында жалпы 105 каналдар, арықтар мен 28 су қашыртқылары, 522 тік дренажды ұңғымалар және 7 су қоймалары бар. Осы нысандардың санын арттыру арқылы көктемгі ағынсуларды игеру үшін қала аумағында 4 су қоймасын салу жобасы дайындалды. Соның нәтижесінде 7972 гектар жайылым жердің санатын суармалыға ауыстырып, игеруге мүмкіндік туады.

Мал шаруашылығы саласы бойынша «Сыбаға» бағдарламасы аясында ағымдағы жылдың

10 айында 3030 ірі қара мал алынып, тапсырма 2,4 есеге орындалды. Бағдарлама аясында бүгінгі таңға жалпы 15 472 бас ІҚМ сатып алынды. «Құлан» бағдарламасы бойынша 103 бас жылқы аналығын алу тапсырмасы беріліп, 115 бас бие сатып алынды. Жалпы бағдарлама аясында 615 бас жылқы аналығы сатып алынды. Ал, «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 4 222 бас аналық қой алынып тапсырма 2,0 есеге орындалды. Бағдарлама аясында жалпы 16 882 бас аналық қой алынды.

269 бірлік шағын мал бордақылау алаңдарын ашу жоспарланып, 270 бірлік ашылды. Жалпы 899 бірлік мал бордақылау алаңдарында 17 980 бас ІҚМ-дан тірі салмақта 7 551 тн ет өндірілді.

Биыл 60 шағын жанұялық сүт аулаларын ашу жоспарланса, есепті мерзімнің 10 айында 62 бірлік шағын жанұялық сүт аулалары ашылып, тапсырма 103,3 пайызға орындалды. Жалпы 177 бірлік жанұялық сүт аулаларында 3 156,8 тн. сүт өндірілді.

Қала бойынша мал басы және өнімдері мен өнімділігі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда едәуір артып отыр. Тарқатып айтсам, мал басы: ірі қара мал басы 87,3 мың бас болып 107,9 пайызға, қой-ешкі 428,8 мың басты құрап 100,1 пайызға, жылқы 10,5 мың басқа жетіп 105,3 пайызға, түйе 2,9 мың басты құрып 112,3 пайызға, құс 107,6 мың бас болып 104,3 пайызға орындалды.

Мал өнімдері бойынша ет 10,1 мың. тн болып 105,4 пайызға, сүт 50,3 мың. тн. Болып 101,2 пайызға, жұмыртқа 9,0 мың дананы құрап 107,0 пайызға, жүн 768,1 тн болып 101,5 пайызға артты.

Әлеуметтік салаға келетін болсақ, білім саласында биыл бір мектеп, екі балабақша ғимараты пайдалануға берілді. «Балапан» бағдарламасы бойынша жалпы 67 балабақшада, оның ішінде мемлекеттік 32 балабақшада 4454 бала, 35 жекеменшік балабақшада 4349 бала, 63 шағын орталықтарда 8485 бала, барлығы 17 288 бала балабақша мен қамтылып 83,2 пайызды құрап отыр.

Денсаулық сақтау саласында облыстық бюджет есебінен 80,0 млн. теңгеге Шаға ауылдық округіндегі Ынтымақ елді мекенінде ФАП құрылысы және Оранғай ауылдық округінде ФАП құрылысы жүргізілуде.

Тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық саласында «Отырар» мөлтек ауданынан 5 қабатты көп пәтерлі 8 тұрғын үй құрылысы жүргізілгенін білесіздер. Табиғи газбен қамтамасыз ету бойынша Түркістан қаласы Ескі Иқан ауылдық округін газбен қамтамасыз ету құрылысына 100,0 млн. теңге қаржы бөлінді. Өткен жылдың соңында қала ішінде 7 мың абонентке газ құбырлары жеткізілгендігі белгілі. Енді сол үйлерге газ кіргізу жұмыстар атқарылуда. Ал қалған аумақтарды табиғи газбен қамту мақсатында яғни, 2 және 3 кезең құрылыстарын жүргізу үшін жобалау сметалық құжаттары жасалды. Енді қаржы бөлуге ұсыныс жасалып отыр. Сондай-ақ, Үшқайық, Жаңа Иқан, Шаға ауылдық округтерін газбен қамтамасыз ету құрылыстарының жобалау сметалық құжаттарына әзірлеу жұмыстарына қаржы қаралуда.

Электрмен қамтамасыз ету құрылыстарына 497,3 млн. теңге қаржы жоспарланды, атап айқанда «Бекзат» шағын ауданын электрмен қамтамасыз ету құрылысына 262,0 млн. теңге, Түркістан-Қызылорда тас жолы бойындағы тұрғындар алқабын электр қуатымен қамтамасыз ету құрылысына 235,3 млн. теңге. Сондай-ақ, 2 нысанның ЖСҚ әзірлеуге 12,2 млн.теңге жоспарланды.

Тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында 16 нысан құрылысының ЖСҚ әзірлеуге 44,2 млн. теңге және 2 нысанның құрылысын бастауға (Бершін тобе е/м, Шойтобе е/м) 10,0 млн. теңге қаржы қаралды. Сонымен бірге қаламыздың аумағында 1365 көше, оның ішінде қалада 875 көше (764 шқ), ауылдық жерлерде 490 көше (520 шқ) бар. Осы нысандарды талапқа сәйкестендіру мақсатында 24 көшені жөндеуге, 20 көшеге тас төсеуге, 20 көшені ағымдағы жөндеуге одан бөлек, ауылдық округтерде 11 көшені орташа жөндеу және тас төсеу жұмыстарына қаржы жұмсалды. Қаланы абаттандыру бойынша «Түркі бағы», «Рәміздер алаңы» аллеяларын салдық. Сонымен қатар, Жарылқапов көшесін жарықтандыру, аяқ жол салу жұмыстарына, №22, №23 мектеп көшелерін және Абай көшесін абаттандыруға, Байтұрсынов, Оңдасынов, Төле би, Қазыбек би көшелерін аяқ жол және жарық көздерін күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Осылайша айта беретін болсақ, қала көлемінде іске асырылып жатқан жобалар саны мол.

«САРАСӨЗ»: «Отырар» мөлтек ауданында көпқабатты 100-ден аса тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың түсетіндігін қалың жұртқа сүйіншілей беруге бола ма?

ӘЛІПБЕК ӨСЕРБАЕВ: Иә, бұл бағдарлы жоба. Жоғарыда айтып өткеніміздей «Көне Түркістан» атты концепциямыздың бір бағыты осы жобаға негізделген. Сондықтан алдағы уақытта бекітілген жобаға сәйкес бұл жер өз алдына заман талабына сай қалашыққа айналуы тиіс. Қазіргі таңда мұнда жалпы саны 12 үй бой көтерді. Алдағы уақытта осы ықшам ауданнан 100 үй құрылысын салу жоспарланған. Сол жоспар аясында келер жылы бес қабатты 20 үй және 900 орындық мектеп құрылысы мемлекет есебінен, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» арқылы 6 үйдің құрылысын жүргізу жоспарлануда. Мемлекет пен жекеменшік әріпестік аясында 280 орындық балабақша құрылысы жүргізіліп жатыр.

Айта берсек, қаламыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыру барысында атқарылған жұмыс жетерлік. Бірақ алдағы межеленген жоспарымыз бүгінгіден де мол.

Сұхбаттасқан Гүлжаз ҚАРЫБЕК





ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН

Түркістан қаласында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, «ТҮРКСОЙ» Халықаралық Ұйымы және Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бірлесуімен «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы және Түркістан» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды. Конференция жұмысына Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей Федерациясы және отандық ғалымдар мен музей ісінің 30-дан аса мамандары қатысты.

Конференцияның мақсаты - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және «Түркістан-Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аясында киелі жерлерді таныту, тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау, насихаттау арқылы келешек ұрпақ кәдесіне жарату, түркі халықтарының рухани пірі Қожа Ахмет Ясауи мұраларының түркі халықтары тарихындағы орны мен рөлі және отандық музей саласындағы актуалды проблемаларды сараптау, талдауға арналған. «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов конференцияны ашып, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының құттықтау хатын оқыды. ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының өкілі филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Асқар Тұрғанбаев аталған конференцияның ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен тәжірибені арттыруға маңызы зор екендігін айта келе, Ясауи мұрасының адамзат игілігіне айналуына Түркі елі ғалымдарының да сүбелі үлес қосатынына сенім білдірді. ТҮРКСОЙ ұйымы атынан қорық-музей директоры Нұрболат Қадырұлына кәдесый тарту етіп, еңбекке биік белестер тіледі. Пленарлық отырыспен бастау алған басқосуда Ресейдің өнертанушылар қауымдастығының мүшесі Саттарова Лилия «ТЮРКСОЙ и взаимодействие музеев тюркского мира» тақырыбында баяндама жасаса, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы және Бурса муниципалитетінің қолдауымен шығарылған «Еуразия музейлеріндегі костюмдер коллекциясы» кітабының тұсаукесер рәсімін өткізіп, қорық-музей қорына өз тартуын салтанатты түрде табыстады. Конференцияға қатысушылар «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен Түркі-Ислам өркениетінің сабақтастығы», «Рухани жаңғыру және Түркістан», «Киелі, қасиетті жерлер, мәдени туризм және музей ісі» сынды үш бағыт негізінде баяндамалар оқып, тың ойларын ортаға салды. Онда Қожа Ахмет Ясауи мұраларының түркі халықтары тарихы мен әлемдік өркениеттегі орны, зерттелу мәселелері, өмірі мен шығармашылығы зерделеніп, сондай-ақ, Отандық музей саласындағы кейбір көкейкесті мәселелер сарапталып, талданды.

Айбала КЕНЖЕБЕК

СӘУЛЕТШІЛЕР БАС ҚОСТЫ



Түркістанда Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Мәдениет орталығында «Түркістан түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аясында «Түркістан шехренгизі» атты шара өтті.

Шараны ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы, Түркі әлемі инженерлер мен сәулетшілер одағы және Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті бірлесіп ұйымдастырды.

«Шехренгиз» сөзі ортағасырлық түркі мұсылман жұрттарында, отырықшы халықтарда қолданылып, кейін ұмыт болған, қазіргі тілмен айтқанда «қала күні» ұғымына жақын мағына беретін сөз. Ортағасырлық мұсылман елдерінің қалаларында арнайы бір күнді осылай атап, сол күні қаланың болашақ дамуына, сәулет нысандарына қатысты мәжілістер өткізіліп, жиын соңы мүшәйраларға, түрлі өнер сайыстарына ұласып отырған. Бірнеше жылдан бері Түркиядағы Түркі әлемі инженерлер мен сәулетшілер одағы осы дәстүрді қайта жандандыруға тырысуда. «Қашғардан Андалусияға дейінгі түркі мұсылман қалалары» атты бұл мега-жоба аясында бұған дейін де әлемнің бірнеше қаласында дәл осындай шаралар өткізілген болатын.

«Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесін алған Түркістан қаласын қолдау мақсатында ұйымдастырылған бұл шараға Түркиядан қырықтан астам делегат қатысып, қасиетті қаланың болашақ дамуына қатысты, өз ой пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ, жиынға ТҮРКСОЙ, ТүркПА, Түркі Академиясы секілді түркітілдес халықтардың ортақ интеграциялық халықаралық ұйымдарының өкілдері қатысты.

Жиын барысында сөз алған Түркі әлемі инженерлер мен сәулетшілер одағының Бас хатшысы Илияс Демирджи «түркиялық сәулетшілер Түркістан қаласының дамуына қатысты кез-келген сәулет-құрылыс жобаларының әзірленуі мен құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне қолдан келер көмектерін беруге дайын. Тіпті, нақты ұсыныстар болса, инвесторларды тартуға да мүдделіміз»,-деді.

Мадина АЙТПЕНБЕТОВА










СЕРТИФИКАТ
II ОРЫН
000 000 теңге







TÜRKSOY
ULUSLARARASI TÜRK KÜLTÜRÜ TEŞKİLATI

Оңтүстікте ОРТЕКЕ



Түркістан мен Шымкент қалаларында «Ортеке» V халықаралық қуыршақ театрларының фестивалі өтті. Фестивальге Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және еліміздің Ақтау, Ақтөбе, Жезқазған қалаларының кәсіби қуыршақ театрлары қатысты.

Түркістан қаласынан бастау алған фестивальдің ашылу салтанатында облыстық мәдениет басқармасының басшысы Нұрболат Ахметжанов пен ТҮРКСОЙ ұйымының арнайы өкілі Елчин Гафарлы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Осынау дүбірлі фестивальдің шымылдығын С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының қуыршақ труппасы «Қаңбақ шал» қойылымымен түрді. Түркияның Адана қалалық муниципалдық театры және «Қаракөз» театрлары түрік тілінде «Алтыбақан» («Salincak») қойылымын ұсынды. Ал, Баку қаласының Абдолла Шаиг атындағы Әзірбайжан мемлекеттік қуыршақ театры «Қоңырау» атты (Zəng) моноспектакль-драмасын көрсетті. Маңғыстау облыстық қуыршақ театры О.Көшбайұлы мен Н.Насыровaның «Маңғыстау аңызы» атты қойылымын, М.Жанғазиев атындағы қырғыз мемлекеттік қуыршақ театры Дзюндзи Киноситоның жапон халық ертегісінің желісімен жазылған «Тырнаның қанаты» атты лирикалы-драмалық әфсанасын (қырғыз тілінде) көрермендерге тарту етті. Сонымен қатар Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театры Н.В. Гогольдің «Шапан» спектаклін сахналаса, Оңтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театры «Алпамыс батыр» эпосының желісімен жазылған Б.Пармановтың «Алпамыс» атты аңызымен үлкен додада бақ сынады.

Фестиваль аясында түркі елдері қуыршақ театрларының кәсіби мамандары жас театр әртістеріне шеберлік сабағын өткізді.

Аталмыш фестивальге Астана қалалық қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі, ҚР еңбек сіңірген әртісі Құралай Ешмұратова (төрайымы), UNİMA халықаралық қуыршақ театрлары одағының Түркиядағы мүшесі, сыншы, қуыршақ театрларын зерттеуші-жазушы Озхан Мевлут, Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Орынбор облыстық қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі Вадим Смирнов, Алматы қаласы мемлекеттік қуыршақ театрының әртісі, ҚР еңбек сіңірген әртісі Сабила Әбуова, Д.Танасоглу атындағы Гагауз ұлттық театрының директоры Михаил Константинов қазылық етті.

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық драма театрының қуыршақ труппасы «Көрермендер көзайымы» номинациясына, Баку қаласы, Абдолла Шаиг атындағы Әзірбайжан мемлекеттік қуыршақ театрының актері Рагим Рагимов «Ең үздік актерлік жұмыс» номинациясына лайық деп танылды. Оңтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театрының актрисасы Ұлжалғас Тәшібекқызы «Ең үздік актерлік жұмыс» номинациясына, Түркия Республикасы, Бурса қаласының «Қарагөз» театры «Ұлттық дәстүрлерді сақтағаны үшін» номинациясына ие болды. Бішкек қаласы, Мұса Жанғазиев атындағы қырғыз мемлекеттік қуыршақ театры «Спектакльдің бірегей сахналық шешімі үшін» номинациясымен, Оңтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театрының режиссері Бекболат Парманов «Ең үздік режиссерлік жұмыс» номинациясымен, Маңғыстау облыстық қуыршақ театры Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің арнайы жүлдесімен марапатталды.

Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театры бас жүлде және «Ең үздік спектакль» номинациясына лайық деп танылды. Сонымен қатар, Адана қалалық муниципалдық театры (Түркия) «Белсенді қатысқаны үшін» дипломымен марапатталды.

А. САПАРБЕКОВА,
Оңтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі

КӨНЕ ШАҺАРДАҒЫ ОПЕРА КҮНДЕРІ

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласындағы Есімхан алаңында «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының аясында Қазақстанның халық әртісі, әнші Жамал Омарованың 105 жылдығына арналған XX-шы ТҮРКСОЙ халықаралық опера жұлдыздарының фестивалі өтті.

Халықаралық шараны Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасының басшысы Нұрболат Ахметжанов пен Түркістан қаласының әкімі Әліпбек Өсербаев ашып берді.

Фестиваль – түркітілдес ұлттар арасындағы бауырластық байланыстар мен достықты, түркі елдерінің ұлттық операларын жаңғырта отырып бірлігін нығайту, түркі елдерінің қазіргі заман опера өнерінің жарқын өкілдерін таныстырып, олардың шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Фестивальдің бас дирижері — Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының директоры және көркемдік жетекшісі – Асқар Бөрібаев. Сонымен қатар, фестивальге Қарақалпақстанның Халық әртісі, Өзбекстандағы А.Навои атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының дирижері Аида Абдуллаева және Оңтүстік Қазақстан облыстық опера және балет театрының бас дирижері Қуаныш Исмаилов қатысты.

XX-шы ТҮРКСОЙ Халықаралық Опера жұлдыздарының фестивалінде Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан мемлекеттерінің және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының опера жұлдыздары өнер көрсетті. Атап айтқанда, Қырғызстанның Еңбек сіңірген әртісі Әсел Бекбаева, Қарақалпақстанның Еңбек сіңірген әртісі Жеңісбек Пиязов, Түркия мемлекетінен Халықаралық байқаулардың лауреаты Чанер Акгюн, Өзбекстаннан Халықаралық байқаулардың лауреаты Немат Хабибов, Астана Опера театрының солисті, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Жан Тапин, Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының жетекші солистері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Талғат Күзембаев, ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері Гүлзат Дәуірбаева және Болат Бөкенов, облыстық опера және балет театрының жетекші солистері ҚР Мәдениет қайраткері Уралхан Сейлбекова, Халықаралық байқаулардың лауреаттары Гүлжан Расқалиева, Марат Оразметов, Ерлан Жандарбай, Мәдіхан Дүйсеев, Жұмабек Қаңтарбаев, Қаракөз Абдушарипова, Айдос Иманжаппаров, Қарлыға Бердияр көпшілікке өнерлерін паш етті.









Балерке ӘСІЛХАН

Пленэрге 9 шет мемлекеттерден, яғни, Түркия,Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Босния-Герцеговина, Украина, Болгария, Молдавия, Башқұрстан, Азербайжан елдерінен 15 суретші, ал еліміздің Астана, Алматы, Павлодар, Шымкент қалаларынан 13 кәсіби суретшілер және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, ҚР Көркем академиясының мүшелері мен өнер профессорлары қатысқан болатын.

Көрменің ашылу және кездесуді қорытындылау шарасына облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы және ТҮРКСОЙ ұйымы суретшілерінің ұйымдастырушысы Мехмет Санжар Милазомұлы қатысып, суретшілерді арнайы алғыс хаттар және сыйлықтармен марапаттады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру және «Түркістан-Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аясында басы қосылып, шығармашылық жолы тоғысқан Түркі әлемінің қылқалам шеберлері Түркістан қаласындағы Қ. А. Яссауи кесенесінде, Сауран және Отырар ауданындағы Арыстан баб кесенесі мен тарихи, мәдени ескерткіштерде, Хан тағы және Қаратау қорығы аумағы мен Бәйдібек ауданының Ақмешіт, Қостұра, Домалақ ана кесенелерінде, Қазығұрт ауданы мен Сайрам - Өгем тау шатқалдары және Шымкент қаласының көрікті жерлерінде этюдтік жұмыстар жасады.

Оңтүстіктің киелі, тарихи мекендерін майлы бояумен кенеп бетіне бейнелеген суретшілер боямысыз сұлулыққа бай өлкенің табиғатына деген таңданыстарын да жасыра алмады.

Табиғат аясында салынған 135 дана кескіндемелік жұмыстар облыстық бейнелеу өнері музейінің көрме залына орналастырылды.

Пленэрдің мақсаты - тәуелсіз еліміздің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ғасырлардан сыр шерткен қасиетті мәдени сәулеттік ескерткіштерді, тарихи орындар мен ұлттық өнерімізді насихаттау мақсатында түркі тілдес елдердің еңбек сіңірген өнер қайраткерлері және талантты қылқалам шеберлерімен кескіндеме саласы бойынша өзара тәжірибе алмасуды жүзеге асыру болатын.

Сондай-ақ,Оңтүстік өңірінің өзіндік табиғи географиялық ерекшеліктерін және көз тартарлық орындарын бейнелейтін халықаралық деңгейдегі өнер шығармаларын жасап, насихаттау, бейнелеу өнерінде жаңа көркем бағыттар мен пластикалық шешімдер және формаларды іздестіру басты назарға алынған.

Айнабек ОСПАНОВ

ЕТШІЛЕР
ӨРМЕСІ



ТҮБІ БІРДІҢ - ҮНІ БІР

ТӘҢІР несібесінің нарқы

Таяуда еңселі Еуразияның мұсылман жұртының рухани астанасы һәм киелі қақпасы –Түркістан шаһарында сөз өнерінің кәсіби мамандарының кезекті басқосуы болды. «Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасының аясында Йассының теберік-топырағында өткен ежелгі Түркі әлемі әдеби журналдары редакторларының VIII конгресі ел өміріндегі ірі мәдени шара еді.

Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы, Еуразия Жазушылар одағы және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ұйытқылық еткен көрнекті кездесудің пердесі Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Мәдениет орталығында ашылды.

19 елден 30-ғажуық редакторлар мен жазушылар, ірі мәдениет қайраткерлері ат басын тіреген конгреске Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ұласбек Сәдібеков, ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының Бас хатшысының орынбасары Фырат Пурташ, Еуразия Жазушылар Одағының төрағасы Якуб Омероглы, Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы Ұлықбек Есдәулет және т.б. әдебиет және мәдениет майталмандары қатысты.

Түркі тілдес халықтардың бүгінгі әдеби өміріндегі әдеби журналдардың қызметі сарапталып, «Түркі әлемі әдебиетіндегі заманауи шығармашылық үрдіс және әдеби журналдар» тақырыбы тереңнен толғанған мағыналы-мәмілелі сөз жарысында Түркияның ең танымал тарихшысы, Халықаралық Османлы Этюдтері комитетінің Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ильбер Ортайлы «Түркі әлемінің мәдениетіндегі Түркістанның тарихи орны» атты баяндама жасап; Иран, Ирак, Қырым (Украина), Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Алтай (РФ), Дағыстан, Татарстан, Башқұртстан, Кабардин-Балқар, Саха-Якутия, Косово, Македония, Солтүстік Кипр, Қазақстан елдерінің өкілдері ойларын ортаға салды.

ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының қолдауымен соңғы он жылда дәстүрлі шараға айналған Түркі әлемі әдеби журналдары редакторларының конгресі бұған дейін Түркия, Татарстан, Солтүстік Кипр, Әзірбайжанда өткізілген болатын.

Негізгі мақсаты – түркі халықтарының әдеби байланыстарын дамыту арқылы ұлттық тілдегі қазіргі заманғы ақпарат алмасуын жетілдіру және әдебиет саласындағы үздік туындылар мен озық қаламгерлерді анықтау болып табылатын басқосудың Түркістан топырағындағы жұмысы жемісті аяқталды. Ортақ ойлар мен маңызды мүдделер анықталды.

«Түркі әлемінің 2016 жылғы Жыл әдебиетшісі» сыйлығы өзбек жазушысы Өзбек Шукруллаға тапсырылды. Түбі бір, тілі туыс ағайындар Арыстан баб пен Ясауи кесенесіне зиярат етті, бүгінгі өркені шаһар Түркістан қаласының демалыс орындары мен тарихи жәдігерлерін көріп-тамашалады.

Жүрегі мұңға, тілі жырға толы қазақ шайыры Мағжан Жұмабайдың:

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған –
Түріктің – Тәңірі берген несібі ғой»,– деген қанатты өлең өрісінің қуатты құдіреті мен мейлінше шыншылдығына жанымыз ұйып, пейіліміз бек сенді.

Гүлжаз ҚАРЫБЕККЫЗЫ,
ТҮРКІСТАН.



ТАРИХШЫЛАР ҰЙҒАРЫМЫ

Таяуда киелі Түркістан шәрінде «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасы аясында ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымы және Түркия тарих қоғамының ұйымдастыруымен, Түркістан қаласы әкімдігінің қолдауымен «Түркі әлемі тарихшыларының форумы» болып өтті. Алғаш рет өтіп жатқан аталмыш шараға Түркия, Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Башқұрстан, Татарстан елдері тарих институтының директорлары қатысты. Келелі кездесуде әлі де шешімін таппаған түркі халықтарына ортақ тарихи түйткілдер сөз болды. Шараның мақсаты - Түркілердің ортақ тарихын, әдіснамасын жасау. Әр елдің идеологиясына байланысты туындап отырған проблемаларда ортақ шешімдерге бару. Сонымен қатар, тарих институттарының басын біріктіретін қоғамдық ұйым құру туралы ұсыныс тастады. Жиын соңында форумды жыл сайын өткізу туралы дек-лорация қабылдады.



Көне түркілердің атамекені - Алтай мен Орта Азия, олардың Еуразия тарихында орны ерекше. Ертедегі Шығыс пен Батыстың мәдениеттері Байқалдың жағасы, Ангара мен Өленділе (Ленада) сол кездегі өзіндік төл мәдениеттің орталығы бірде қосылып, бірде ажырасып тұрған. Түркілер жаулап алған жерлерінде қоғамдық қатынастарды өзгертіп, жаңаша қоғамдық құрылымды қалыптастыруға септігін тигізді.

XI-XII ғасырларда Орталық Азия аумағында тұратын халықтардың шаруашылық-мәдени тіршілік түрпатының ортақтығы, тілдік және тұрмыстық жақындығы, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы егін шаруашылығының бір-бірімен өзара байланысты болуы, мемлекеттіліктің қалыптасуы мен тайпалық бірлестіктердің этностық тұрғыдан ықпалдасу үрдісі жүріп жатты. Шетел (қытай, парсы) Орталық Азия аумағындағы халықтардың қалыптасуын қатты тежеді. Түркілердің кейбір бөлігі өздерінің атамекенінен тыс жерлерге көшіп кетуге мәжбүр болды. Шыңғысхан көшпелілерді қарудың күшімен біріктіргенде бір орталықтан билік жүргізуді және салық төлетуді көздеген болатын. Бұл, өз кезегінде, қазақ жерінің бірігуіне жағдай жасады. Моңғол империясының қиратылған жұртында көптеген мемлекеттер дүниеге келді (Қажы Тархан (Астрахан), Қазан және басқа хандықтар). Еуразияны мекендейтін кейбір ұлттар мен ұлыстардың арғы ата-бабаларының Ежелгі Тұран елі және жерінде құрылған мемлекеттерге белгілі бір дәрежеде қатыстылығы дәйектелуде.

Ресей империясы құрамындағы түркі халықтары тарихы, тілі мен діні, түрлі әлеуметтік мәдени қыспаққа түсті. Ал, кеңестік дәуірде қазіргі ТМД аймағындағы түркі мемлекеттері халықтарының ұлттық-мәдени дамуының тежелгені мәлім. Олар мемлекеті мен мәдениеті жоқ елдер ретінде, мемлекеттік директивалық құжаттарда көрсетілді. Бара-бара түркі халықтары (шуваш, ноғай, қарағас т.б.) өз тілі мен дінінен ажырады.

Түркі халықтары тарихын орнына келтіру үшін не қажет?

-Сібір, Қиыр Шығыс, Ресей құрамындағы түркі халықтары және оның тарихи дамуы зерттеу нысанын күшейту;

-Түркі тілдес елдердің ортақ мәселелеріне қатысты талдау жасау;

-Түркі тілдес елдердің ғалымдар қауымы біріккен жоба бойынша жұмыс атқаруы; Осы орайда ғалымдар мен өнер шеберлерімен жиі кездесу өткізіп тұру;

-Түрлі көрсетілімдер мен деректі фильмдер, әлеуметтік кинофильмдерді түсіру қолға алынса;

-Мемлекеттік органдармен байланыс жасай отырып, түйіткіл мәселелердің шешу жолдары қарастырылса;

-Мүмкіндігінше тарихи-мәдени ошақтарын қалпына келтіру, сақтау

- ұлттық-мәдени жаңғырудың тетіктерін жетілдіру қажет.

Бүркітбай АЯҒАН,
ҚР БжҒМ Ғылым комитеті
Мемлекет тарихы институтының директоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор



ТҮБІ БІР ТҮРІКТІҢ ТҰМА ТАРЛАНДАРЫ ТҮРКІСТАНДА

Түркістан топырағының рухани кеңістігін ардақтап сілкіндірген Түркі халықтары ақындарының кездесуі - туысқан халықтардың сөз өнеріндегі ортақ серпілісі болды. Сан ғасырлық тарихы бар бауырлас елдердің әлемдік әдебиет пен түркілік әдебиеттің алтын қорына қосқан қазынасы мол. Сол мұраның бір бөлшегі - азірбайжан әдебиетінің көрнекті өкілі Молла Пенах Вагифтің 300 жылдығына арнап Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы, Халықаралық жазушылар және зиялылар қоғамы (Түркия), Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ бірігіп ұйымдастырған «Түркі әлемі ақындарының кездесуіне» Түркістан қаласының әкімшілігі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігі қолдау көрсетті. Түркістан қаласының әкімі Ә.Өсербаев, ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының өкілі А.Тұрғанбаев, ХҚТУ ректоры өкілі М.Құталмыш мырзалар бұл кездесудің тарихи, мәдени, әдеби сипаттарынан сөз қозғады. Басқосуға Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұрстан, Саха-Якутия, Дағыстан және Гагауыз Йерінен 30 ға жуық ақындар қатысты. Биылғы кездесудің ортақ тақырыбы болып өршіл рухты Вагиф тұлғасының дәріптелуі кездейсоқтық емес. Әзербайжанның тәуелсіз, ұлттық сипаттағы елдегінің қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген қайраткердің тұлғасы түркілердің әлемдік кеңістіктегі ортақ мұраттарының ұстыны болуға лайық. Бұл идеяны қаламгерлер ақын өлеңдері арқылы таныта алды. Вагифтің сыршыл лиризмі мен өршіл азаматтық поэзиясының көркемдік көкжиегі айқындалды. Жаһандану ғасырында жалқылықта емес ынтымақта ғұмыр кешудің концепциясын айқындап берген бауырлас елдер поэзиясы әдебиеттің жаңа сипатта дамуға тиіс себептерін де бажайлады. Кештің модераторы - қазақтың көрнекті ғалымы Құлбек Ергөбек ұстаздың кешті жүргізу ұстанымы туысқан елдер ақындарының арасындағы тілдік кедергіні байқатпады деуге болады. Асыл сөз ділгірі, түріктанушы ғалым әдебиеттердегі ортақ өзекті мәселелерді дәл танып, кештің әдеби, ғылыми сипаттарына талдау жасады. Ұсыныс ретінде аударма теориясына қатысты тұжырымдар айтылды. Ықылым замандардан келе жатқан түркілік сарынның, түрікшілдік идеясының жалғасын табуына жаңа, тәуелсіз бауырлас елдер әдебиетінің өкілдерінің шығармашылығын зерттеудің өзектілігін ашып көрсетті. Түрікшіл ақындардың жалындаған жырларында ортақ сарын - өлең ырғағынан аударусыз-ақ байқалып тұрды. Кеш өлеңнің өмірмен өрілген өзектілігін көркем сөз тілінде сөйлетті. Кездесуден кейін қонақтар Түркістан мәдениетінің бір бөлшегі - Б.Кенжебаев атындағы Түркітану мұражайын аралады. Профессор Қ. Ергөбек мырзаның түркі халықтардың ортақ мүддесіне сіңірген өлшеусіз еңбектерінің бір парасы - Түркістандағы Түркі халықтар кітапханасы, сурет галереясындағы өнер мен ғылым құндылықтарын тамашалаған қонақтар жоғары бағасын берді. Түркілердің ортақ кеңістігіндегі мұндай мәдениет көрсеткіші тек Түркістанда екенін жарыса атап көрсетті. Өз тараптарынан елдеріне барған соң, кітапхананың кітап қорының көбеюіне атсалысатынын баяндады. Үш күнге созылған мәдениеттер таныстығы қонақтарды Оңтүстіктің тарихи жерлерін аралатуға ұласты. Арыстанбаб пен Қожа Ахмет Яссауи кесенелеріне тәу еткен бауырлар тарихи маңызы зор өркениетіндегі орнын өз көздері мен көріп қайтты. Түркістан төрінде мәслихат өткізіп, келешектің келелі мәселелерін талқылады. Зор үміт пен кемел болашаққа сенім артқан арқалы ақындар болашақтың бастауын Түркістанмен байланысты болатынына нық сеніммен елдеріне оралды.

Әдемі ТОЛЫСБАЕВА,
ТҮРКІСТАН

БІР ҒАЖАЙЫП СҰЛУ КӨРДІМ БҮГІН МЕН...

Бір ғажайып сұлу көрдім бүгін мен.
Бүкіл ғалам дидарына үңілген.
Ай жүзінен күміс нұры төгілсе,
Дүниенің өңіне қан жүгірген.

Ақ тамағы ақ жібекпен қауышқан,
Тұла бойы тал шыбықтай майысқан.
Хан қызындай бекзаттық бар бойында,
Құрбылары теңдесе алмай қалысқан.

Жұпар шашқан бұйра шашы қыналы,
Бір қарасаң жүрекке қан ұрады.
Періште ме бізге көктен жіберген?
Жәй пенденің мұндай болмас сияғы.

Сала-сала саусақтары сүйріктей,
Қос бұрымы жарысқан қос жүйріктей.
Құлпырады қарағанда айнаға,
Перідейін паң басады илікпей.

Маңдайына түскен шашы шашақтап,
Қос балтыры қайың сынды қос, аппақ.
Жеке дара жаратылған хас ару,
Ешбір қызға қоя алмайсың қосақтап.

Бұл қыз маған оңаша бір көрінсе,
Қолдарымыз бір-бірімен өрілсе,
Ерніміз бен ерініміз жабысып,
Бар ләззаты бойымызға берілсе!

Ару қыздар - ғашық жүрек куәсі,
Бар болыңдар, жар болыңдар, расы!
Беу, асылым, бір өзіңе арнаймын,
Бұл Вагифтің қабыл болсын дұғасы.

ДІЛДӘРІМ

Шер дариясына батырып мені, құмарым,
Ағыл да тегіл несіне өзің жыладың?
Жаралы жаныңды қандай күнә-мұң,
Өлтіріп, неге көзіңнің жасын бұладың?

Бұрымың тарқап, шашыңның ұшы бұрқырап,
Көкала үйректің қауырсынындай түр құлап.
Қыздалдақ біткен жайнайтын шақта, шырқырап,
Неліктен, жаным, көзіңнің жасын бұладың?

Сен мені, әлде, опасыз жанға баладың?
Жаныңа нендей жарақат салдым, қарағым?
Келмейді, тіпті, бетіме менің қарағың,
Қымбаттым, неге көзіңнің жасын бұладың?

Жүрегіме қоса паршалап жырттың сен мені,
Жылама, жетер сағыныш уы меңдеді.
Қайтадан күлші, құса-мұң саған қол ма еді,
Ызадан неге көзіңнің жасын бұладың?

Сарылтып мені салмадың қанша азапқа,
Дертіңнен сенің тірідей түстім тозаққа,
Өлгенім жақсы еді төзгенше мұндай мазаққа,
Ділдәрім, неге көзіңнің жасын бұладың?

Аударған Ұлықбек Есдәулет

ӨТІП АЙЛАР УАҚЫТТЫ ҰЗАТТЫ...

Өтіп айлар уақытты ұзатты,
Ләйлә өлімі – Мәжнүнді езіп жылатты.

Жылап, жыртып үстіндегі лыпасын,
Жүгірді ол іздеп Ләйлә моласын.

Жүрді Мәжнүн молаларды жағалап,
Өлім де оны құтқармастай, қара-бақ.

Жол шетінде бір баладан сұрады,
«Қай бейітте білесің бе Ләйләні?

Қымбаттымды қай топырақ жасырған?»
Күліп оған жауап қатты жас ұлан.

«Әй, Мәжнүн-ау, есің қайда жоғалған?
Әр моладан топырақ ал аз аздан,

Махаббаттың исі шықса топырақтан,
Сол бейітте Ләйлә жатыр илансаң».

Сен де, Вагиф, мәснәуиді құрарсың,
Махаббатты сол баладан сұрарсың.

ЖАҚСЫ ӘЙЕЛ ТУРАЛЫ

Жақсы болса егер әйел жүрегі,
Жүз жыл өтсе қасиетін жоймайды.
Аппақ гүлдей ашық болса көңілі,
Қиындықтан ол қарая қоймайды.

Асылзатқа әсемдік те жарасар,
Сұлу мүсін сәмбі талмен таласар,
Әз жанына Қайырым да қарасар,
Сатпайды ол, суына да қоймайды.

Оның қаны қыз кезіндей тап-таза,
Ерні қызыл Раушан гүлден, қараса,
Жүз жаста да жайдан өткір кірпігі,
Жыл өтсе де болат әлсіз болмайды.

Қорқыныш па Кемелдікке жүз жасау?
Мейлі, оның қимылында күш аз-ау,
Бірақ көзде жанған жарық баяғы,
Сүйкімділік еш азайып қалмайды.

Нағыз бақыт дәл жанында жүреді.
Құмарлықтың қиын жолын біледі.
Қызға, Вагиф, сен көңілінді алдырма,
Тыныш күндер сенде, әйтпесе, болмайды.

Аударған Асқар Тұрғанбаев




Suyunbekov. J.

Шығыстың түркі ғұламалары

Әбунасыр ӘЛ-ФАРАБИ




«Екінші ұстаз» (Аристотельден кейінгі...) деген атпен белгілі ғұлама – Әбунасыр Әл-Фараби (870-950) – аса көрнекті философ, ғалым, энциклопедист.

Туған тілі – түрік тілінде оқыған Фараб қолөнер кәсібі және ғылымның негіздері жөніндегі білімін (Отырар) қаласында алған. Білімін толықтыру мақсатымен Шаш, Самарқанд, Исфахан, Хамадан қалаларына барып, араб халифатының мәдени орталығы – Бағдадқа жол тартады. Араб тілін өте жетік меңгеріп, ежелгі грек философиясын, математиканы оқиды. Логика мен астрономияны зерттейді.

Әл-Фараби өмірінің соңғы кезеңін Дамаск мен Халеб қалаларында өткізеді. Ғалымдар,ақындар арасында ол өзінің білімінің кеңдігімен көзге түседі. Ол батыл кісі болған. Атқа міну өнерін жақсы меңгеріп, садақ атудың шебері еді. Әл-Фараби ғылымы мұрасы шығыс пен батыстың ғылымына, түркі мен мұқым адамзат мәдениетінің дамуына орасан ықпал етті.

Жүсіп БАЛАСҰҒЫН



Қараханид мемлекетінің саяси және мәдени орталығы – Баласағұн қаласында дүниеге келген аса көрнекті ақын,философ Жүсіп Баласағұн (11 ғ.) – адам жанын терең зерттеген данышпан. Жан-жақты мұсылманша білім алған Баласағұн араб пен парсы поэзияларының және түрік фольклорының сырын мейлінше жетік білген.

Жүсіп 11 ғасырда өсіп келе жатқан түркілік өзіндік сананың және мұсылман идеологиясының негізінде тамаша тарихи – көркем шығарма – «Құтадғу білік» (Құтты білік) атты классикалық позма жазды. Бұл дастанында көне дәуір ақыны адамгершілік пен адалдықты тебірене жырлайды. Құдайдың пенделерін оқу мен білімге, имандылық пен инабаттылыққа шақырады. Хан мен уәзірден бастап, атшы мен елшіге дейін қоғам аузындағы міндеттерін адал орындауды меңзейді. Дұрыс заңдылықты үйлестіре білу мен парасатты өмір сүру – баянды мемлекеттің негізі және адамның бақытты ғұмыр кешуінің басты қажеттілігі деп уағыздайды.

Жүсіп – ғасырларға ұласатын поэтикалық және эпикалық дәстүрде қалыптасқан түрік сөзінің майталман шебері. «Құтадғу білік» – күллі түркі халықтарының тарихи, мәдени мұрасы, рухани өзегі.

Хайдар ДУЛАТИ



Хайдар Дулати – өте көрнекті тарихшы,ақын, мемлекет қайраткері, әскербасы. Мұсылмандық білім алған. Түрік,араб, парсы тілдерін жетік білген. Өлең жазып, сурет салумен айналысқан. Көптеген қолөнер кәсібінің шебері болған: ағаштан ою ойған, асыл заттар, жебе мен садақ, пышақ жасау,құрылыспен айналысу, ою-өрнек салуды жетік білген.

Дулати лауазымды мемлекеттік және әскери қызметтерде болып, ұзақ жылдар бойы моғол ханы Саидтың ұлының тәрбиешілік жұмысын атқарған. Өзі билік құрған Үндістанның Кашмир қаласында қайтыс болған.

Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркменстан, Үндістан топырақтарына табаны тиген Хайдар көптеген тарихи оқиғалардың куәгері әрі қатысушысы ретінде баға жетпес еңбек жазды. Онда қазақтардың, өзбектердің, қырғыздардың тарихы мен мәдениеті, шаруашылығы мен тұрмысы, салт-дәстүрі жөнінде маңызды деректер бар.

Хайдар тұңғыш рет Қазақ Хандығының 1466 жылы құрылғандығы және Жәнібек пен Керейдің тұңғыш қазақ хандары болғаны туралы хабардар етті.

Махмұт ҚАШҚАРИ

Тұңғыш түрік-тік әлем картасының авторы Махмұт Қашқари – көрнекті ғалым, филолог. Дөңгелек әлем картасы – мұсылман картогрофиясы жүйесінде оның ардақты аты елеулі орын алды.



Қараханид мемлекетінің билеушілері әулетінен шыққан Махмұт жастайынан түрік тайпаларының тіліне, халық әдебиетіне, этнографиясына зор көңіл бөліп, қызыға зерттейді. Қашқыр қаласында алған білімін Бұхар мен Нишапурда жалғастырады.

Орта Азия жерін қоныстанған түрік елдерін түгелдей аралап, олардың өмірі туралы баға жетпес деректер жинайды. Осы лингвистикалық тарихи мәдени және фольклорлық деректердің негізінде ортағасырлық түрікмен өмірінің энциклопедиясы болып саналатын үш томдық «Диуан луғат ат-түрік» атты еңбегін жазады. Бұл шығармада Қазақстан аймағы және түрік тайпалары туралы баға жетпес құнды деректер көп.

Қадырғали ЖАЛАЙЫР



Ортағасыр тарихшысы Қадырғали Жалайыр – араб пен парсы тілдерін жетік меңгерген білімді би болған. Шығыс тарихын жетік білген.

Қазақстан, Орта Азия мен Оңтүстік Сібірдің көптеген қалалары мен облыстарында болған. Қоғам өмірін жан-жақты білімінің арқасында ол Ораз-Мұхаммед сұлтанның тәрбиешісі ретінде жоғары лауазымды қызметтер атқарған.

Қадырғали Жалайыр – 17 ғасырдың басында қазақ хандығы туралы тарихи еңбек қалдырған тұңғыш қазақ ғалымы. Ол өз кітабында Шыңғыс әулетінің және Алтын Орда билеушілерінің тарихын жазады. Қадырғали Жалайыр кітабының арқасында 15-16 ғасырдағы қазақ хандығы тарихының ауыз әдебиетін білдік. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің аса бай мұрасы біздің заманымызға жетуіне Қадырғалидың қосқан үлесі оресен мол.

ҰЛТ ӨНЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН ШЕБЕР



Түркі әлемінің қолөнер шеберлері Түркістанда бас қосты. Қасиетті шаһарда ұйымдастырылған шараға түркітілдес елдерден шеберлер қатысты.

Жалпы, Оңтүстік өңірінде ағаш ұсталығы көбірек дамыған. Соның бірі Кентау қаласында еліміздің бірқатар өңірлеріндегі оркестрлер мен ансамбльдерге, кәсіби орындаушыларға арнап домбыра, шертер, қобыз, жетіген сияқты ұлттық саз аспаптарын жасап жүрген Тәуірбек Дүйсенбиев дейтін азамат тұрады. Ағаш шебері. Шеберханасындағы қоңыр үнді домбыра, қобыз, жаңғақ ағашынан дайындалған ыдыс-аяқ пен кәдесыйлар оның ағаштан түйін түйген хас шебер екендігін аңғартады. Ағаш қалдықтарын кәдеге жаратып отырған оның бұл еңбегі жастарға үлгі.

Тал-дарақтан ұлттық нақыштағы бұйымдар жасайтын ел ағасының мақсаты біреу ғана – киелі де бірегей ұсталық кәсіпті артынан ерген ізбасар інілеріне мұра етіп қалдырып кету.

Кейіпкермен тілдесу барысында оның арғы аталары ұсталықпен айналысқанын, қолөнерге бала кезінен ынта қойғанынаңғардық. Әсіресе,тері илеп, жүген-үзілдірікке таспа тілетін, ер тоқым жасап, жүген түйетін бүгінде 80-ді алқымдап отырған Кенжебек ағасынан үйренгені көп. Көптен соқпаған едік, байқаймыз, ол тек домбыра шабуды міне тұтпай, ағашты кесіп-жонып, күйдіріп, небір көз жауын алар туындылар жасауға кірісіпті. Ұстаханасында күні бойы отырып, сүйікті ісін серік етуден жалыққан емес. Жан-жағының бәрі толған ағаш, жаңқа. Құрал-сайманның түр-түрі бар. Қабырғаларындағы сөрелерде жартылай аяқталған ағаш бұйымдары, қазақтың ою-өрнегімен көмкерілген дүниелер толып тұр.

– Халқымыздың тұрмыстық заттарды жасау технологиясы ерекше, – дейді ол әңгіме арасында. – Бұл қазақтың мал өсіруімен, көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты болса керек. Көптеген өнімдердің мал шаруашылығына тікелей қатысы бар екенін аңғардым. Мәселен, кезінде ер-тоқым жақсы бағаланған. Оның дайындалуына терімен қабат ағаш та талғаммен пайдаланылған. Үй жиһазы мен ыдыс та ағаштан жонылған. Енді, міне, ұлттық аспаптарды жасауда да ағаш кеңінен қолданылуда.

Ағаш материалымен жұмыс істеу оңай емес. Көркем бұйымдар мен ұлт аспаптарын жасайтын ағаштар табыла бермейді. Кейбір ағаштарды жеті жыл көлемінде кептіруге тура келеді екен.

– Көпжылдық тәжірибемде ебін тапсаң, бәріне қол жеткізуге болатынына көз жеткіздім. Қазір еліміздің түкпір-түкпіріндегі тұтынушыларымды әрдайым жаңа дүниелермен таңғалдыруға асығамын, – дейді шебер.

Асқан төзімділікті, ептілікті талап ететін өнерді 30 жылдан бері арқалап жүрген Тәуірбек Арынбекұлы бүгінде қолтаңбасы қалыптасқан хас шебердің нақ өзі. Оның бұл ісі елеусіз де қалмады. Алдыңғы жылы Оңтүстік Қазақстан облысының «Жыл қолөнершісі» сыйлығымен марапатталды. Шағын кәсіпкерлікті қолдау қорының ақшалай жүлдесін қанжығасына



байлаған сәті де есте.

Тәуірбек Дүйсенбиев секілді шеберлердің қайталанбас дүниелеріне қарап, мұндай өнімдердің өз тұтынушысын табарына шүбә келтірмейсіз. Оның үстіне қазір ағаштан жасалған бұйымдар, күнделікті қолданыстағы ағаш ыдыстар экологиялық жағынан



таза.

Саз аспаптарының шебері болу үшін ең бастысы шыдамдылық керек. Аспаптың сыртқы формасын байыппен жасаудан бөлек оның дауысын жақсылап шығару ұзақ ізденісті талап етеді. Тапжылмай отырып ойдағыдай нәтижеге жеткізер төзім екінің бірінің бойына дари бермейтін қасиет болса керек. Ұлт аспабын жасауда байқампаздық пен ішкі түйсік қажет. Әрбір пайдаланған ағашың қандай қалыңдықта тілінуі керек, оның қаттылығы мен жұмсақтығы, дыбысқа әсер етуі сынды көптеген ерекшеліктерді байқап, іштей сезіне білу нағыз шебердің ғана қолынан келсе керек.

Бұрындары аспаптардың ішектері малдың ішегінен, аттың қылынан жасалушы еді, қазір балық аулауда пайдаланылатын лескаға көшті. Негізі, табиғи мал өнімдері аспап сапасын ашады. Ағаш өңдеу құралдарының дамуы да шеберлерге мол мүмкіндіктер ашып отыр. Шеберлердің ара, шот, балта, сүргі сынды қол саймандарының орнын электр тоғымен істейтін түрлі ағаш өңдейтін кескіш, тескіш, қырғы станоктары алмастыруда. Бұл құралдардың барлығы қол еңбегін азайтып, жұмысты әрі жеңіл, әрі таза жасауға мүмкіндік береді. Тәуірбек осы құралдардың көмегімен әртүрлі формаларды, иірімдерді, өрнектерді жасап жүр.

– Өзім Театр және кино институтының түлегімін. Сондықтан жасаған аспаптарымның дауысын, орындаушылық техникаға қолайлығын, әрбір ішек мен перненің таза тұнық дыбыс беруін, тембрін толық сараптай аламын, – дейді қолөнерші.

Тәуірбек материал іздеп, көп уақытын босқа өткізіп алады. Ішектердің, бояу мен лактың, сапалы желімдердің дені шеттен келеді. Өзімізде өндіріс жоқ. Мәселен, АҚШ, Германия, Чехия, Польша, Швейцария, Италия сияқты дамыған мемлекеттерде тек музыкалық аспап өндірісіне деп белгілі бір ағаш тұқымдарын өсіретін орман алқаптары бар. Сол ормандағы ағаш діңдері қажетті өлшемге дейін жуандағанда оны тіліп, ұзақ кептіріп, артынша жергілікті шеберлерге және шетелге экспорттап жатады. Қазақ елінің де осындай өндірісті дамытып әкетуге толықтай әлеуеті жетеді деп ойлаймыз.



Оның үсті-не Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында да осы жайт тұспалдай жеткізілген. Тек ұлттық құндылықтарымызға деген жаңашыр көзқарас болса болғаны.



Б. КЕНЖЕБЕКҰЛЫ,
Түркістан қаласы

ТҮРКСОЙ БАСЫЛЫМДАРЫ















Сарасөз әдеби-танымдық журналының индексі – 74974

КАЗПОЧТА АРҚЫЛЫ

1 жылға жазылу бағасы:
Қала – 6337,20т
Ауыл – 6388,80т

6 айға жазылу бағасы:
Қала – 3168т
Ауыл – 3194т